



**Мәдениет, махаббат және дін
философиясы**

Жоспар

- 1. Мәдениет ұғымы.
- 2. Мәдениет түрлері.
- 3. Өркениет ұғымы.
- 4. Махаббат философиясындағы негізгі түсініктер.
- 5. Махаббаттың сипаттамалары.
- 6. Махаббаттың түрлері.
- 7. Дінді философиялық тұрғыдан зерттеудің ерекшелігі.
- 8. Діннің әлеуметтік және гносеологиялық тамырлары.
Діннің функциялары.
- 9. Ақыл мен сенімнің арақатынасы. Діни сенім бостандығы мәселесі.

Мәдениет ұғымы.

Мәдениет – адамзаттың болмыс пен сананың барлық салаларындағы әлеуметтік-прогрестік шығармашылығы қызметі; бұл қызмет заттандыру (қазыналар, нормалар, белгі жүйелерін және т.б. жасау) және затсыздандыру процестерінің диалектикалық бірлігі болып табылады, өмір шындығын өзгертуге, адамзат тарихының байлығын жеке адамның ішкі байлығына айналдыруға, адамның мәндік күшін барынша айқындап, дамытуға бағытталады. Неғұрлым тар мағынасында, әдетте, материалдық (техника, өндірістік, тәжірибе, материалдық қазыналар) және рухани (ғылым, өнер мен әдебиет, философия, мораль, ағарту және т.б.). мәдениет, сондай-ақ саяси мәдениет (қоғам, тап, топ, индивид қызметінің жеке адамның қоғамдық қатынастарын өзгерту субъектісі ретіндегі әлеуметтік дамуының шамасын сипаттайтын мақсаттары, құралдары, нәтижелері) жөнінде айтылады.



Мәдениет түрлері.

Мәдениет – қоғамдық экономикалық формациялардың алмасуына байланысты дамитын тарихи құбылыс. Рухани мәдениетті материалдық негізінен айырып алып, оны «таңдаулылардың» рухани өнімі деп түсіндіретін қате мәдениет теорияларына қарама-қарсы жаңа ілім материалдық игіліктер жасау процесін рухани мәдениет дамуының негізі және бастауы ретінде қарастырады



Өркениет ұғымы.

- Өркениет әлеуметтік мәдени құрылым ретінде оны мәдениетпен байланысты философиялық тұрғыдан талданады. Қазіргі замандағы адамзат тіршілігінің өркениеттік негіздері мынадай мәселелермен үздіксіз байланыста, олар: адам және техника, адам және ғылыми практикалық қызмет нәтижелері, адам және қоғам, дәстүрлік құндылықтар және олардың өзгеруі.



Махаббат философиясы



Махаббат философиясындағы негізгі түсініктер.

- «**Эрос**» сөзін олар объектіні өздеріне толығымен иеленіп алу мақсатымен, сол объектіге бағытталған сезімдерді білдіру үшін қолданды.
- «**Philia**» сөзі жеке немесе әлеуметтік таңдау еріктеріне байланысты біріккен индивидтердің байланысын білдіреді.
- «**storge**» сөзі болса айырбастауға берілмейтін мәңгі органикалық түрде туыстық жақындықпен байланысты махаббатты білдіреді. Бұл ата ана мен бала, ері мен әйелі, отаны мен азаматтары арасындағы өте нәзік әрі өз өзіне деген сенімді махаббат.
- «**Agape**» термині гректерде ғашық адамының, сүйіктісінің белгілі бір ерекшеліктерінің, оның ерекше бір мінезінің негізінде пайда болатын саналы махаббатты білдіреді.

Махаббаттың сипаттамалары.

- **Құдайға деген махаббат.** Фрейдтің ілімінше, діни махаббат бұл жыныстық құмарлықты рухани қызметке бағыттау. Ол құдайға сенетін адамдарды діни қиялдар әлеміне беріледі дейді, өйткені ол адам ләззат алады. Сондықтан Фрейд кейде дінді жыныстық құмарлықтың сублимацияланған жемісі дейді, кейде алғашқы табиғи құмарлықтарды басып тастаудың салдарынан пайда болған ұжымдық иллюзия дейді.
- **Суфизмдегі құдайға деген махаббат.** Суфизм ілімінде құдайға деген махаббат ең негізгі тақырып болатын. Құдайға деген махаббат идеялары Мұхаммед пайғамбардың өмірі мен іс әрекеттері туралы аңыздарда белгіленген сунналарда да, құрандарда да айқын көрініс таппаса да, суфизмде бұл идея кең мағынада қарастырылды. Өйткені онда құдіретті күштің алдындағы табынып, бас ию мен оған мойынсұну мотиві өте басым болды.



- **Аналық махаббат.** Тең дәрежелілер арасындағы махаббаттың формалары болып табылатын ағалық және жыныстық махаббатқа қарама қарсы аналық махаббат бар. Негізінен ана мен бала арасындағы байланыс өзінің табиғаты жағынан тең дәрежеде емес, өйткені бала әрдайым көмекті қажет етеді де, ал ана әрдайым сол көмекті беріп отырады. Өзінің альтуристік және шексіз сипаттағы ана махаббаты – махаббаттың ең жоғарғы түрі болып табылады және бүкіл эмоционалдық байланыстардың ішіндегі ең қасиетті сезім болып табылады.
- **Ағалық махаббат.** Ағалық махаббат бұл махаббаттың барлық түрлерінің негізінде жатқан махаббаттың фундаментальды түрі. Ағалық махаббат ол жауапкершілік сезімінен, басқаға әрдайым көмектесуден, оған мейірімділік танытып, қамқор болудан көрініс табады. Әлсіздерге, кедейлерге көмек көрсетіп, мейірбандық таныту бұл ағалық махаббаттың бастамасы болып табылады.
- **Еркек пен әйел арасындағы махаббат.** Егер де аналық махаббат пен ағалық махаббатта таңдау жоқ болса, немесе ана өз балаларының барлығын жақсы көруге немесе аға өз інілерінің барлығын жақсы көруге негізделсе, онда жыныстық махаббат бұлардан өзгеше.



Дін туралы түсінік



Дінді философиялық тұрғыдан зерттеудің ерекшелігі.

- Дін қазіргі заманғы адам мен қоғамның рухани өмірінде ерекше орын алады. Кеңестік таптық идеология үстемдік құрған жылдары дін біржақты зерттелгені белгілі. Діннің соңғы жылдары қарқынды дамуы, қоғамда
- діни сенімді қабылдаушылардың санының көптеп артуы дінді жан-жақты зерттеуді қажет етті және бұл бағыттағы жұмыстар табысты жүргізіліп отыр. Мысалы, дінді тарих, социология, мәдениеттану, саясаттану, философия және тағы басқа ғылымдар өз ғылымдары деңгейінен, әр түрлі аспектілерде зерттеуде.
- Дінді философиялық зерттеудің ерекшеліктері:
- 1) философия діннің адам мен қоғамның рухани өміріндегі құбылыс, қоғамдық сананың формасы ретіндегі мәнін анықтайды;
- 2) көзқарастың түрі ретінде зерттейді;
- 3) діннің пайда болуының әлеуметтік және гносеологиялық себептерін талдайды;
- 4) діннің қоғамда атқаратын функцияларын жіктейді;
- 5) сенім мен ақылдың арақатынасы мәселесін қарастырады;
- 6) діннің адам бойында адамгершілікті қалыптастырудағы рөлін көрсетеді.
- 7) діни сенім бостандығы мәселесін зерттейді.



Діннің әлеуметтік және гносеологиялық тамырлары. Діннің функциялары.

- Дін – күрделі жүйе, ол діни сананы, діни институттарды, діни қатынастарды және діни қызметті қамтиды. Дінге: 1) діни ілім; 2) діни сезімдер; 3) діни салттар; 4) діни ұйымдар мен секталар кіреді.
- Діннің даму сатылары: 1) табиғи дін – бұл кезеңде табиғи күште құдайлар сияқты болып көрінді; 2) заңдық сипаттағы дін – діни қағидалар мен ережелерді бұлжытпай орындау талап етіледі; 3) ақталу діні, ол Құдайдың алдындағы күнәлілік, бүкіл болмыстың қасіреттілігі және Құдайдың мейірімділігі сезімінен туындайды.
- Діни сана – жаратылыстан тыс күштерге, Құдайға деген сенімен туындайтын көзқарастардың, идеялардың, нанымдардың, теориялардың жиынтығы.

Ақыл мен сенімнің арақатынасы.

Діни сенім бостандығы мәселесі.

- Діннің функциялары:
- 1) әлеуметтік функциясы – дін қай заманда да қоғамдық процестерді басқару қоғамда тұрақтылық сақтау, ұлттық менталитет қалыптастыру қызметтерін атқарып отырды.
- 2) адамгершіліктік функциясы – дін жалпы адамзаттық моральдық қасиеттерді насихаттап, индивидтің адамгершілік келбетін өзгертуге үлесін қосады.
- 3) компенсаторлық – адам қиындық-дағдарысқа ұшыраған кезендерде дін көмекке келіп, қайырымсыз дүниені о дүниедегі мәңгілік бақытқа үмітпен алмастырады, адамға сенім-жігер, рухани күш береді.

- Ақыл мен сенімнің арақатынасы мәселесіне философия тарихында үш көзқарас бар:
- 1) Сенімді, діни сенімді ақыл-ойдан жоғары қою оны «Құдайдың жаратылыстан жоғары сәулесі, нағыз ақиқат» деп түсіну.
- 2) сциентистік көзқарас сенімге негізделген дінді ақылға негізделген ғылымнан төмен қояды және діни сенім түбінде жоғалады деп есептейді.
- 3) «екі ақиқат» – сенім мен ақыл-ой қатар әмір сүре алады деп мойындау.

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАҚМЕТ